



International Academy of Business

International conference in the framework of the 25th anniversary of International Academy of Business

Халықаралық конференция Халықаралық Бизнес Академиясының 25 жылдығына арналған

Международная конференция, посвященная 25-летию Международной Академии Бизнеса

ENTREPRENEURSHIP AND BUSINESS EDUCATION IN EMERGING WORLD
ДАМУШЫ ӘЛЕМДЕГІ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС БІЛІМ БЕРУ
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО И БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЕ В РАЗВИВАЮЩЕМСЯ МИРЕ

Collection of articles

Мақалалар жинағы

Сборник статей

Almaty, October 31 - November 1, 2013
Алматы, 2013 жылдың 31 қазан - 01 қарашасы
Алматы, 31 октября - 01 ноября 2013 года

## Кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығын реттеу құралдары

Экономикалық тұрақтылықты басқару – қазіргі жағдайдағы кәсіпорындардың дамуы мен қызмет етуінің маңызды факторының бірі болып табылады. Бұл бағыттың өзектілігі өндіріс және өнімді өткізу көлемінің өсуі, шаруашылық байланыстардың күрделенуі, сыртқы ортаның құбылу жағдайына сәйкес үздіксіз өсуде.

Кәсіпорындардың экономикалық тұрақтылық мәселелері өзгеру жағдайында жүзеге асырылатын жедел шаралар кәсіпорын жағдайын қысқа уақытқа тұрақты ұстауға мүмкіндік береді, алайда жағдайды түбегейлі өзгерпейді. Яғни, олар бір жағынан, кәсіпорынның даму болашағын жеткіліксіз көрінуімен, екінші жағынан, қазіргі жағдайды диагностика жасауға қолданыстағы амалдың және сыртқы факторлардың өзгеруін болжамдаудың тарлығымен байланысты.

Кәсіпорын экономикалық тұрақтылығы, біз растайтын (идентифицируемая) кәсіпорын жағдайының жалпы сипаты ретінде, оның ішкі ортасы мен қоршаған орта факторларымен өзара қатынасы ауыспалы сипаттама болып табылады, олардың динамикасын ауқымды факторлар мен жағдайлар анықтайды [1]. Кәсіпорындардың экономикалық тұрақтылығының ауыспалы сипатының объективті себебі ретінде олардың кезеңдік даму сипаты мен жалпы экономикалық жүйе көрсетеді. Ерекше назардың аймағы тұрақсыздық факторлар болып табылады, олардың іскерлігі экономикалық тұрақтылықты бұзуға әкеледі және кәсіпорынның дағдарыс жағдайына кездесу ықтималдығын арттырады [2].

Шараларды реттеуші өңдеулер арқылы кәсіпорынның басқару жүйесіне дер кезінде әрекет ету кәсіпорын іскерлігіндегі дағдарыс көрінісінің күшеюінен құтылуға және оның тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай реттеудің негізі ақпараттың сигнал жүйесі болып табылады, оның құралы ретінде ерте ескертудің жүйе бөлігі және жоспарлаудың диспозициялық жүйе бөлігі қарастырылады.

Жүйе бөлігінің ерте ескертуі өзгерістер туралы ақпаратты алуға мүмкіндік береді, олардың дамуы кәсіпорынның тұрақтылығын бұзады. Әңгіме В.Н.Самочкиннің терминологиясынан әлсіз сигнал деп аталатын сөз туралы [3]. Сигналдың әлсіз және күштіге бөліну негізінде хабардар болу деңгейі жатыр, ол өз кезегінде

ақпараттың алынатын көлемімен анықталады. Ақпараттылықтың жеткіліксіз деңгейі әлсіз сигналдардың алыну кезіндегі рөлін төмендетпейді. «Әлсіз сигналдан күштіге айналуы үнемі жүзеге асырылады және байқалмайды. Мұндай әлсіз сигналдар уақытымен өсіп отырады, және егер кәсіпорын күшті сигналды күтетін болса, ол шешім қабылдаудан кешігуі мүмкін, немесе, дер кезінде шешімді қабылдауға шамасы келмеуі мүмкін, яғни, пайда болған мәселе кәсіпорын мүддесін соққыға әкеледі. Сондықтан, тұрақсыздық жағдайда сыртқы ортадан әлсіз сигнал түскенде шешімді дайындау қажеттілігі туындайды». Алайда, біздің көзқарасымыз бойынша, әлсіз сигнал тек сыртқы ортадан ғана емес кәсіпорынның ішкі құрылымынан да түсуі мүмкін. Бұл жерде қайталап айтатын жай, кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығы ішкі және сыртқы факторлар кешенінің іскерлік нәтижесі болып табылады.

Ерте ескерту жүйесінің негізгі элементі сыртқы бақылау саласы болып табылады, оны анықтау макроорта, аймақ инфрақұрылымы және сыртқы орта, ерте ескерту индикаторы жағынан кәсіпорынның ішкі ортасының жағдайы туралы белгі беретін әлеуетті тәуекел мен қауіпті бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай бақылау объектілеріне: өтім тұрақтылығы, өндіріс тұрақтылығы, кәсіпорын ресурсын тиімді бөлу, кәсіпорынның жалпы тиімділігі, оның төлемқабілеттілігі, кәсіпорын іскерлігіндегі тәуекел кіреді.

Диспозициялық жоспарлау нақты көрсеткіштерді стандартталған мәліметтермен салыстыру түрінде ауытқуды бағалаумен негізделеді. Стандартталған мәліметтердің рөлін жоспарлы және шекті көрсеткіштер орындайды. Диспозициялық жоспарлауға ең алдымен өндіріс үрдісі, яғни, ағымдағы өтім жоспары өндіріс жоспарына айналуы ұшырайды. Сонымен бірге, бірінші кезектегі диспозициялық жоспарлаудың объектісі ағымдағы төлемқабілеттілік болып табылады, оны бақылау үшін күнделікті, апта сайынғы, әр онкүндік, ай сайынғы төлем күнтізбелік жасалады. Диспозициялық жоспарлаудың жиілігі қабылданған жылдық жедел жоспар мерзімділігіне сәйкес келеді (жыл, тоқсан, ай, онкүндік, күн). Жоспарлау кезеңі аз болған сайын бақылау жиі жүргізіледі және реттеу үшін мүмкіндігі мол [2].

Қолайсыз ауытқулар туралы мәліметтер ке-

лешектегі талдау пәні болып табылады. Сонымен, әсіресе, жоспарлы және нақты көрсеткіштерде берілген мақсаттардың бөліну себебін анықтау үшін факторлық талдау мүмкіндігін пайдалануға болады.

Ауытқу себебін талдау нәтижесі бойынша кәсіпорынның жоспарлы бағытын ұстап тұруға мүмкіндік беретін шешімді құрастыру жүзеге асырылады. Сонымен бірге, әлсіз және күшті сигнал нәтижесі бойынша түзету шаралар мазмұнында айтарлықтай өзгешелік бар. Біздің жағдайда күшті сигналдар диспозициялық жоспарлау жүйесінде ауытқуды құрайды. Күшті сигнал негізін қолайсыз деңгей немесе қазіргі таңдағы немесе келешекте кәсіпорынның экономикалық тұрақсыздығына әкелетін динамикалық көрсеткіштер құрайды.

Әлсіз сигнал бойынша бақылау және нақты кезеңге шаралар бағдарламасын жасау қажет, яғни, шешімдерді өңдеу стратегиялық және ұзақмерзімді жоспарлауға жатады. Ақпараттың көлемі өсуіне байланысты бұл бағдарлама іскерлігі анықталып нақтыланады. Күшті сигналдраға әсер ету ағымдағы кезеңде жеделділікті талап етеді [2].

Түзету шаралар шаруашылық, қаржылық, ұйымдастырушылық, заң операцияларын және кәсіпорын басшылығы мен менеджерлер ұйымына мүмкіндік беретін экономикалық тұрақтылық көрсеткіштерінің динамикасын немесе деңгейін өзгерту шараларын құрайды. Бұл шаралардың мазмұны кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығын бұзған нақты жағдайға тәуелді. Сонымен бірге, түзету шараларды жасау үрдісінің еңбек көлемін азайту үшін нақты типтік шаралар тізімі болуы тиіс. Бұл жағдайды кәсіпорынның төлемқабілеттілігін реттеу үшін қолдануын қарастырайық.

«Төлемқабілеттілік» түсінігі мен оны бағалау

әдістеріне арналған зерттеулер санына қарамастан, біріңғай тұжырымдамалық және әдістемелік тәсілді жүзеге асыру шегінде барлық базалық басқару қызметі мен қатысуы, сәйкесінше, менеджменттің барлық құрамын құрауға мүмкіндік беретін кешенділік принципі қамтылмаған. Бұл жағдай түрлі топтағы менеджерлер үшін басқарудың төлемқабілеттілік мәселесінің ерекше күрделілігі және оны реттеу бойынша тәжірибелік ұсыныстың жоқтығын анықтайды. Қазіргі таңда кәсіпорындардың көбісі қаржылық талдау шегінде төлемқабілеттілікті бағалаумен шектеледі. Мұндай тәжірибе ағымдағы кезеңдегі қол жеткізген төлемқабілеттілік деңгейін тіркеуге ғана мүмкіндік береді. Бұл кемшілікті жою біздің пікірімізше, келесі қағидаларды ескере отырып басқару жүйесінің төлемқабілеттілігін жобалауға байланысты: қысқа және ұзақмерзімді кезеңдерден тұратын кешендік тәсіл; төлемқабілеттілікті реттеу технологиясын жасау; жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, бақылау және талдау басқаруды қарастыратын негізгі қызметтердің сомасы ретінде процестік тәсіл.

Кәсіпорынның экономикалық тұрақтылық көрсеткіштер жүйесіндегі берілген принциптарға сәйкес перспективалық және ағымдық төлемқабілеттілік көрсетілген. Перспективалық төлемқабілеттілік кәсіпорынның мүлкі мен капиталы құрамымен анықталады, сәйкесінше оны реттеу баланс құрылымын оңтайландырумен байланысты.

Ағымдағы төлемқабілеттілікті реттеу активтердің, баланстың өтімділігін жедел жоспарлаумен, кәсіпорынның және оның үздіксіз бағалауы мен талдауымен негізделеді және қызқамерзімді міндеттеме мен айналымдағы активтердің элементіне әсер ету арқылы жүзеге асырылады.

### Әдебиеттер:

1. Сапелкина Е.И. Исследование экономической устойчивости предприятий: традиционные модели и новые инструменты. – Минск, 2003.
2. Сапелкина Е.И. Факторы и условия экономической устойчивости предприятий // Мир технологий. – 2003. -№ 2.
3. Сачочкин В.Н. Гибкое развитие предприятия: анализ и планирование. – 2-е изд., испр. И доп. –М.: Дело, 2000.